

**Ф. Е. Бәрібай, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының әскери және арнайы-тактикалық даярлық кафедрасының оқытушысы**

## **ТӘРТІПСІЗДІК ЖОЛДАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ТАКТИКАЛАРЫ**

*Аннотация. Қазіргі заманда әлемнің түкпір-түкпірінде саяси әлеуметтік жағдайларға байланысты жаппай тәртіпсіздіктердің орын алуына орай Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының шетел мемлекеттерімен тығыз байланыс орнатып және тәжірибе алмасып бөлісу мақсатының маңыздылығы.*

*Түйін сөздер: көтеріліс, тәртіпсіздік, жаппай, қақтығыс, шығын, оқиға, Жаңаөзен, шетел, жетілдіру, тәуелсіздік.*

Қазіргі заманда әлемнің түкпір-түкпірінде саяси әлеуметтік жағдайларға байланысты жаппай тәртіпсіздіктер орын алуда, соның бір шеті Қазақстан аумағына да келіп жетті. 2011 жылдың 16 желтоқсаны күні атап айтсақ, Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына арналған мерекелік іс-шаралар кезінде Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласында жаппай тәртіпсіздік болғаны туралы бәрімізге белгілі.

Еуропа елдерінде жаппай тәртіпсіздіктер салдарынан полиция қызметкерлері мен қарапайым халық арасында жиі қақтығыстар кездесіп жатады. Мысалға айтар болсақ, Лондонда 2011 жылғы тамызда болған бірнеше күнге созылып, ел экономикасына үлкен шығын әкелген жаппай тәртіпсіздіктен 100 шақты адам жараланып, 26 жасар 1 адам қаза болады; былтырғы Албания еліндегі жаппай тәртіпсіздіктен 55 адам жараланып, 3 адам қаза болады; қыркүйекте Гамбургтегі жаппай тәртіпсіздіктерден 15 адам жарақат алады, қайтыс болғандар жоқ. Ал бізде Жаңаөзенде 16 адам жаппай тәртіпсіздіктің құрбаны болды. Аталған қалалардың кейбірі Жаңаөзен қаласынан он есе, кейбірі жүз есе үлкен. Сөйте тұра біздегі адам шығынының көптігі бізге түсініксіз. Осы оқиғаларға байланысты айта кететін болсақ, біздің мемлекетіміз, яғни ішкі істер органдары осындай жаппай тәртіпсіздік шараларына толықтай өз деңгейінде дайындығын шыңдап әрі қарай жетілдіру керек екендігін көрсетеді<sup>1</sup>.

Сондықтан біздің көзқарасымыз бойынша, біздің мемлекет әрқашан осындай дағдарыстық жағдайларға дайын болуы тиіс. Осындай жаппай тәртіпсіздік туындаған сәттерде оны әрі қарай күшейтпей алдын алу шараларын жүргізу мақсатында ішкі істер органдарының басшы құрамы мен құрылған жедел штаб құрамдары білуі тиіс. Жалпы осы салада өзіміздің тәжірибемізді шыңдау мен жетілдіру мақсатында, шараларды ұйымдастыруға және өткізуге жетекшілік ететін басшы құрамды шетел мемлекеттеріне тәжірибе алмасу мақсатында арнайы оқуларға жіберуді ұйымдастырудың маңызы өте зор деп есептейміз<sup>2</sup>.

Дей тұрғанмен қандай да ел болмасын өз елінің тыныштығын тілейді, бірақ біз әрқашанда әртүрлі дағдарыстық жағдайларға дайын болуымыз керек. «Сырттан келген жаудан да, іштен шыққан дау жаман», «Қырық кісі – бір жақ, Қыңыр кісі – бір жақ» дегендей елдің арасындағы ала-ауыздық жалпы қандай да бір көтеріліс болмасын елдің тұрақты дамуына кері әсерін тигізеді. Сондықтан, бізге жалпы ондай жағдайларды болдырмай әрқашанда алдын алуды жөн санаймыз.

Бірақ, бұл дегеніміз халық қандай жағдай болмасын, басын бұғып, көніп отыра берсін деген сөз емес, керісінше, билік халықпен санасып, олардың шыдамын тауыспаудың алдын алуы керек. Жаңаөзендегі жаппай тәртіпсіздік оқиғасындағыдай жағдайлар енді елімізде қайталанбаса екен деп тілейміз.

Алдағы уақытта еліміз тыныш, Тәуелсіздігіміз берік болсын десек, «Кең киім тозбайды, Кеңесші ел азбайды», «Кеңесіп шешкен шешімнің кемісі болмас», «Бір кісінікі мақұл, Екі кісінікі – ақыл»

дегендей билік халықпен санаса отырып жұмыс істеуі қажет. Сонда ел іші де тыныш, тату-тәтті бірлікте өмір сүретін болады. «Бірлікті ел бұзылмас» дегендей бірлік пен татулық — мемлекет беріктігінің кепілі деп атап өткім келеді<sup>3</sup>.

Елбасы айтқандай, бұл оқиға біздің татулығымызға қаяу түсіре алмады. Қайта, керісінше, бәрімізді бейбітшілік таңы жолында біріктіре түсті.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы қабырғасында өткізіліп жатқан бұл іс-шаралардың алар орны ерекше деп атап өтсемде шатаспас едім. Өйткені оқу бағдарламасына сәйкес дағдарыстық жағдайлар мәселелері бойынша теориялық сабақтар өткізіліп және Қарағанды облысы ІІД «Арлан», «ЖҚАЖ» арнайы мақсаттағы бөліністерімен бірлесе отырып практикалық бағыттылығын арттыру мақсатында практикалық сабақтар мен оқу-жаттығулар өткізілуі өз жетістіктерін беруде.

Жалпы тыңдаушылардың білімдерін шыңдауда, сонымен қатар айта кететін болсақ, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қабырғасында тыңдаушылар төрт жылдық білім алу барысында осы іс-шаралар бойынша өздерінің білім деңгейі мен қоса моральді-психологиялық тұрғыдан дайындықтарын жетілдіреді және болашақтағы өз мамандықтарының кәсіби шебері болуына үлесі қосады деген үміттемін.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе келесі бағыттарға ерекше көңіл бөлуді ұсынар едік:

- ведомствалық оқу орындарында білім алатын тыңдаушылар мен курсанттардың, жалпы ішкі істер органдары қызметкерлерінің және ішкі әскерлердің осы саладағы дайындығына аса көңіл бөлу және күшейту;
- ішкі істер органдары қызметкерлерінің арасында арнайы сабақтар жүргізіліп оқу жаттығулар жиі өткізілуі тиіс;
- міндетті түрде шетел мемлекеттерінің қызметкерлерімен тәжірибе алмасу керек;
- мемлекет тарапынан ішкі істер органдары және жаппай тәртіпсіздікке қатысты салалар арнайы құрал жабдықтармен қамтамасыздандырылуы тиіс деп есептеймін.

### **Резюме**

В данной статье рассматриваются вопросы возникновения массовых беспорядков в мировом сообществе и пути их предотвращения на современном этапе.

### **Resume**

In the given article are investigated the questions concerning with arising of mass disorder in the world community and the ways of their prevention on the modern stage.

---

<sup>1</sup> <http://www.ke.kz/index.php?lang=kz>

<sup>2</sup> Республикалық басылым «Сақшы» № 10. 07.02.2012 ж.

<sup>3</sup> Қазақтың мақал-мәтелдері. — Алма-Ата. 1955.